

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігіҚазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің м.а. 2021
жылғы 6 қаңтардағы № 2
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2021 жылғы 8
қаңтарда № 22047 болып тіркелдіМинистерство образования и науки Республики
Казахстан

**«Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын
және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 13-қосымша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды беру қағидаларында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Жоғары оқу орындарын 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін бітірген түлектерге жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың телнұсқасы беріледі.»;

2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:



«2-параграф. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету тәртібі»;

33, 34 және 35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі беру ұйымдары (бұдан әрі – ТжКБ ұйымы) көрсетеді.

34. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқасын алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе ТжКБ ұйымның кеңсесі немесе «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы ТжКБ ұйымы басшысының атына осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысанда немесе электронды нысанда осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш жолдайды.

35. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.»;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«39. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның немесе ТжКБ ұйымның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.»;

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Мемлекеттік корпорация тізілімнің екі данасымен қалыптастырылған өтініштерді (бар болған жағдайда құжаттар топтамасымен) ТжКБ ұйымына кестеге сәйкес курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы жібереді.

42. Қабылданған өтініштерді қоса берілген құжаттармен бірге ТжКБ ұйымына жеткізу осы өтініштерді қабылдаған күні кемінде екі рет жүзеге асырылады.»;

44, 45, 46 және 47-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«44. ТжКОБ ұйымының қызметкері құжаттарды түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

45. ТжКОБ ұйымының қызметкерлері 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін дайындайды және техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттың телнұсқасын не бас тарту туралы дәлелді жауапты Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей, ал портал арқылы өтініш берген жағдайда мемлекеттік қызмет нәтижесін алу орны көрсетілген білім туралы құжаттың телнұсқасының дайындығы туралы хабарлама не бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

46. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияны мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу орны ретінде көрсеткен жағдайда, ТжКБ ұйымының қызметкерлері білім туралы құжаттың телнұсқасын Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей жібереді.

47. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі туралы құжаттардың телнұсқаларын беру болып табылады.»;

52 және 53-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«52. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет ЖЖОКБҰ-мен көрсетіледі.

53. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқасын алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы)

көрсетілетін қызметті берушіге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе «электрондық үкіметітің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысанда немесе электронды нысанда ЖЖОКБҰ-ның басшысының атына осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш жолдайды.»;

60 және 61-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«60. Мемлекеттік корпорация тізілімнің екі данасымен қалыптастырылған өтініштерді (бар болған жағдайда құжаттар топтамасымен) ЖЖОКБҰ-ның кестесіне сәйкес курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы жібереді.

61. Қабылданған өтініштерді қоса берілген құжаттармен бірге ЖЖОКБҰ-ға жеткізу осы өтініштерді қабылдаған күні кемінде екі рет жүзеге асырылады.»;

63, 64 және 65-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«63. ЖЖОКБҰ-ның қызметкері құжаттарды түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

64. ЖЖОКБҰ-ның қызметкерлері 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін дайындайды және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың телнұсқасын не бас тарту туралы дәлелді жауапты Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей, ал портал арқылы өтініш берген жағдайда мемлекеттік қызмет нәтижесін алу орны көрсетілген білім туралы құжаттың телнұсқасының дайындығы туралы хабарлама не бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

65. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияны мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу орны ретінде көрсеткен жағдайда, ЖЖОКБҰ-ның қызметкерлері білім туралы құжаттың телнұсқасын Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей жібереді.»;

6, 7 және 8-тармақтар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Ш. Каримова

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы 6 қаңтардағы
№ 2

бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 28 қаңтардағы
№ 39 бұйрығына
№ 13-қосымша

Нысан

**Екі тілде техникалық және кәсіптік білім туралы
дипломға қосымша**

Приложение к диплому о техническом и
профессиональном образовании (без диплома
ТКБ № _____
недействительно)

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))
за время обучения с _____ года по _____ год в _____

(полное наименование организации образования) по специальности

(код и наименование специальности)

(код (-ы) и наименование квалификации (-й))
показал (-а) _____ соответствующие знания и навыки по
следующим дисциплинам и (или) модулям:

| | Количество | Итоговая оценка |
|--|------------|-----------------|
| | | |

| № п /п | Наименование дисциплин и (или) модулей | | | | по балльно-рейтинговой буквенной системе оценивания | | по цифровой пятибалльной системе оценивания |
|--------|--|---------|-------------|-----|---|----------|---|
| | | час-сов | кре-дит-тов | в % | буквенная | в баллах | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Заместитель руководителя по учебной работе _____

Руководитель учебной группы _____

М.П.

**Примечание: графы заполняются с учетом применяемой в организации образования технологии обучения и системы оценивания.*

**Техникалық және кәсіптік білім туралы
дипломға қосымша (ТКБ № ____ дипломсыз
жарамсыз)**

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

_____ **жылдан бастап** _____ **жылға дейін**

(білім беру ұйымының толық атауы)

(мамандықтың толық атауы және коды)

(код (-тар) және біліктілік (-тер) атауы)

**оқу барысында мынадай пәндер бойынша және (немесе) модульдер бойынша
тиісті білімін
көрсетті:**

| № п /б | Пәндер және (немесе) модульдер атауы | Саны | | Қорытынды баға | | |
|--------|--------------------------------------|------------|-------------|--|---------|---|
| | | са-ғат-тар | кре-дит-тер | балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша | | цифрлық бес балдық бағалау жүйесі бойынша |
| | | | | % | әріптік | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары _____

Оқу тобының жетекшісі _____

М.О.

**Ескертпе: бағандар білім беру ұйымында қолданылатын оқыту технологиясы мен бағалау жүйесін ескере отырып толтырылады*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы _____
бұйрығына 2-қосымша

Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды
беру қағидаларына
6-қосымша

| «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты | | |
|--|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ТжКБ ұйымдары) |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру: 1) ТжКБ ұйымдарының кеңсесі; 2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 3) «www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе ТжКБ ұйымына немесе порталға құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні; 2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық/қағаз түрінде. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін сұрау салуда көрсетілген Мемлекеттік корпорацияның мекенжайы бойынша алады. Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сақтауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібіреді. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі |
| 7 | Жұмыс кестесі | |

| | | |
|----|--|--|
| | | <p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес.</p> <p>Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - сенбі аралығында, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша «электронды» кезек тәртібінде, не жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдау жолымен жүзеге асырылады;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің: www.edu.gov.kz интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурсында;</p> <p>3) www.egov.kz порталында.</p> |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізімі | <p>Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:</p> <p>1) құжатын жоғалтқан немесе бүлдірген білім алушының немесе кәмелет жасқа толмаған баланың ата-анасының (заңды өкілінің) ТжКОБ ұйымы басшысының атына оның мәнжайы баяндалған осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес өтініші;</p> <p>2) білім алушының туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі (паспорты) (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);</p> <p>3) тегі (аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген және білім туралы құжат бүлінген жағдайда білім беру туралы құжаттың түпнұсқасы қоса беріледі.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және оны көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.</p> <p>порталда:</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген жағдайда, бір рет қолданылатын парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидалардың 5-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының басшысының атына өтініш.</p> |
| 9 | Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | <p>Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация немесе негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымының қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p> |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация | <p>Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдар жасау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді.</p> |

| | |
|--|---|
| <p>арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p> | <p>Электрондық цифрлық қолтаңба бар болған жағдайда қызмет алушы мемлекеттік қызметті электронды түрде портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірінғай байланыс орталығы арқылы алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің www.edu.gov.kz және бірінғай байланыс орталығының www.egov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.</p> |
|--|---|

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы _____ бұйрығына 3-
қосымша

Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды
беру қағидаларына
7-қосымша

/жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі -
ЖЖОКБҰ) басшысының тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда) толық/

/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
толық/

/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
ағылшын тілінде толық/

/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
өзгерген жағдайда/

/мамандығы (білім беру бағдарламасы) атауы/

/мамандығы (білім беру бағдарламасы) бойынша

/ЖЖОКБҰ бітірген жылы/

/көрсетілетін қызметті алушының байланыс
деректері/

/ ЖЖОКБҰ атауы және мекенжайы, өзгерген
жағдайда/

Нысан

Өтініш

Маған _____

/себебін көрсету/

_____ байланысты дипломның телнұсқасын (қосымшасымен бірге
дипломның телнұсқасын, дипломның телнұсқасын, қосымшаның телнұсқасын) беруіңізді
сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған «Дербес деректер және оларды қорғау туралы»
2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен құпия қорғалатын
мәліметтерді қолдануға келісемін.

«__» _____ 20__ ж.

/қолы/

Ескертпе: мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған жағдайда) жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес баспа әріптермен
толтырылады

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы _____ № ____ бұйрығына
3-қосымша

Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды
беру қағидаларына
8-қосымша

| «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты | | |
|---|---|--|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру: 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 2) «электрондық үкіметтің» «www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға құжаттарды тапсырған сәттен бастап жалпы қарау мерзімі – 15 жұмыс күні; 2) Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың телнұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (немесе оның өкілі көрсетілетін қызметті алушының нотариалды куәландырылған сенімхаты бойынша) көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін сұрау салуда көрсетілген мекенжайы бойынша алады. Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сақтауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса ал- |

| | | |
|----|---|--|
| | | <p>ғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - сенбі аралығында, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша «электронды» кезек тәртібінде, не жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдау жолымен жүзеге асырылады;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің: www.edu.gov.kz интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурсында;</p> <p>3) www.egov.kz порталында.</p> |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізімі | <p>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:</p> <p>1) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖЖОКБҰ басшысының атына көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің (көрсетілетін қызметті алушыдан нотариалды куәландырылған сенімхат) өтініші;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);</p> <p>3) тегі (аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген және білім туралы құжат бүлінген жағдайда білім туралы құжаттың түпнұсқасы қоса беріледі.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және оны көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.</p> <p>порталда:</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген жағдайда, бір рет қолданылатын парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидалардың 7-қосымшаға сәйкес ЖЖОКБҰ басшысының атына өтініш.</p> |
| 9 | Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | <p>Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p> |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | <p>Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдар жасау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді.</p> <p>Электрондық цифрлық қолтаңба бар болған жағдайда қызмет алушы мемлекеттік қызметті электронды түрде портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.</p> |



Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық
актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов
Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 06.01.2021
Сақтау күні 13.09.2021
Дата редакции 06.01.2021
Дата скачивания 13.09.2021

| | |
|--|--|
| | Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің www.edu.gov.kz және бірыңғай байланыс орталығының www.egov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған. |
|--|--|